

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 14 шілдедегі № 350-VIII ҚРЗ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 44-1-баптың 8-тармағында:

оныншы бөлік мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы шектеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қала құрылысы құжаттамасын кейіннен әзірлеудің не оған өзгерістер енгізудің ықтимал мүмкіндігі болған кезде Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 284-бабына сәйкес іске асырылатын өнеркәсіптік (өндірістік) объектіні салу жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру жағдайларына қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы он бірінші, он екінші және он үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 284-бабына сәйкес іске асырылатын өнеркәсіптік (өндірістік) объектіні салу жөніндегі инвестициялық жобаның нысанасы ескерілетін қала құрылысы құжаттамасын кейіннен әзірлеудің не оған өзгерістер енгізудің ықтимал мүмкіндігінің болуын Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 282-бабына сәйкес мемлекеттік меншіктен жер учаскелерін беру үшін инвестициялық жобаны айқындау тәртібіне сәйкес тиісті уәкілетті органдармен келісу бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган растайды.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 284-бабына сәйкес іске асырылатын өнеркәсіптік (өндірістік) объектіні салу жөніндегі инвестициялық жобада көзделген өнеркәсіптік (өндірістік) объект пайдалануға берілгенге дейін қала құрылысы құжаттамасын уақтылы әзірлемегені не оған өзгерістерді уақтылы енгізбегені үшін жер учаскесіне құқық беру туралы шешім қабылдаған адам Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 284-бабына сәйкес іске асырылатын өнеркәсіптік (өндірістік) объектіні салу жөніндегі инвестициялық жоба

үшін жер учаскесін беру тәртібі Қазақстан Республикасы Құрылыс кодексінің 20-бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалармен қоғамдық талқылауларды қамтиды.";

2) 44-2-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінің күші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қала құрылысы құжаттамасын кейіннен әзірлеудің не оған өзгерістер енгізудің ықтимал мүмкіндігі болған кезде Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 284-бабына сәйкес іске асырылатын өнеркәсіптік (өндірістік) объектіні салу жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру жағдайларына қолданылмайды.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 284-бабына сәйкес іске асырылатын өнеркәсіптік (өндірістік) объектіні салу жөніндегі инвестициялық жобаның нысанасы ескерілетін қала құрылысы құжаттамасын кейіннен әзірлеудің не оған өзгерістер енгізудің ықтимал мүмкіндігінің болуын Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 282-бабына сәйкес мемлекеттік меншіктен жер учаскелерін беру үшін инвестициялық жобаны айқындау тәртібіне сәйкес тиісті уәкілетті органдармен келісу бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган растайды.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 284-бабына сәйкес іске асырылатын өнеркәсіптік (өндірістік) объектіні салу жөніндегі инвестициялық жобада көзделген өнеркәсіптік (өндірістік) объект пайдалануға берілгенге дейін қала құрылысы құжаттамасын уақтылы әзірлемегені не оған өзгерістерді уақтылы енгізбегені үшін жер учаскесіне құқық беру туралы шешім қабылдаған адам Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 284-бабына сәйкес іске асырылатын өнеркәсіптік (өндірістік) объектіні салу жөніндегі инвестициялық жоба үшін жер учаскесін беру тәртібі Қазақстан Республикасы Құрылыс кодексінің 20-бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалармен қоғамдық талқылауларды қамтиды.";

3) 92-баптың 4-тармағының 3) тармақшасындағы "елу" деген сөз "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 109-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінің ережелері Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 284-бабына сәйкес іске асырылатын өнеркәсіптік (өндірістік) объектіні салу жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру жағдайларына қолданылмайды."

2. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 1-баптың 1-тармағының 35) тармақшасындағы "некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) және балалы болғысы келетін" деген сөздер "некеде тұратын (ерлі-зайыпты)

және балалы болғысы келетін, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 54-бапта:

1-тармақтағы "шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптары сақтала отырып, жазбаша нысанда жасалады және", "куәландыруға" деген сөздер тиісінше "шартын некеде тұратын (ерлі-зайыпты) Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын сақтай отырып, жазбаша нысанда жасайды және ол", "куәландырылуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Некеде тұратын (ерлі-зайыпты) Қазақстан Республикасының азаматтары ғана суррогат ана қызметіне тапсырыс берушілер бола алады.";

3) 57-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Суррогат ана болу шартын жасасу кезінде некеде тұратын (ерлі-зайыпты) Қазақстан Республикасының азаматтары, ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер):".

3. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне:

1) 82-баптың бесінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сот сараптамасы органының сарапшыларына;

2) жеке сот сарапшыларына;"

2) 87-бапта:

жетінші бөліктегі "қызметкері" деген сөз "сарапшысы" деген сөзбен ауыстырылсын;

оныншы бөліктегі "қызметкері" деген сөз "сарапшысы" деген сөзбен ауыстырылсын

;

3) 91-баптың бесінші бөлігіндегі "органдарының қызметкері" деген сөздер "органының сарапшысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 110-баптың бесінші бөлігіндегі "органының сараптама", "тиісті бюджетке" деген сөздер тиісінше "органының, жеке сот сарапшысының сараптама", "олардың шотына" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне:

33-баптың жетінші бөлігіндегі "органдарының қызметкері болып табылатын сарапшы" деген сөздер "органының сарапшысы" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 146-бапта:

1-тармақтағы "жасанды ұрықтандыру және эмбриондарды импланттау" деген сөздер "экстракорпоралдық ұрықтандыру және эмбриондарды ауыстыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ "болған кезде" деген сөздерден кейін ", суррогат ана болуды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 273-бапта:

5-тармақтың 2) тармақшасындағы "және арнаулы мемлекеттік органдар қызметін" деген сөздер "органдары мен арнаулы мемлекеттік органдар қызметін, сондай-ақ процестік құжаттардың негізінде сот сараптамаларын жүргізу кезінде сот сарапшылары қызметін" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қан мен оның компоненттерінің, ағзалардың (ағзаның бір бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тіннің бір бөлігінің) донорлығымен, құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, сондай-ақ сот сараптамаларын жүргізу шеңберінде туберкулезбен ауыратын немесе бұрын ауырған, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар, динамикалық байқауда есепте тұрған адамдардың жай-күйі туралы медициналық құпияны құрайтын электрондық құжат нысанындағы ақпаратты беру жөніндегі сұрау салуларымен байланысты жағдайлардан басқа кезде, жеке тұлғалардың жеке өміріне қатысты дербес медициналық деректерді пайдаланғанда, олардың дербес медициналық деректерін қамтитын цифрлық ресурстарды басқа дерекқорлармен байланыстыратын телекоммуникация желілеріне жеке тұлғалардың келісімінсіз қосуға жол берілмейді."

6. 2025 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

1) 24-баптың 1-тармағының 25) тармақшасы алып тасталсын;

2) 25-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы "мұнай секторының" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган салатын айыппұлдарды, өсімпұлдарды, санкцияларды, өндіріп алуларды және мұнай секторының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 26-бапта:

1-тармақта:

5) тармақшадағы "жеке және заңды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге" деген сөздер "жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағындағы осындай салық салынатын объектілер бойынша елу пайыздан аспайтын мөлшерде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты айқындайтын кірістерді бөлу нормативтері бойынша заңды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығы;"

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) алым төлеушінің тұрған жері бойынша жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымнан уәкілетті мемлекеттік органға және жергілікті атқарушы органға тиісті құжаттар берілгенге дейінгі немесе рұқсат беру құжаттары алынғанға дейінгі түсімдерді қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;"

17) тармақша алып тасталсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне есепке жатқызылуға тиісті түсімдерді және мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;"

4) 27-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты айқындайтын кірістерді бөлу нормативтері бойынша заңды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығы.

Бұл ретте аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттері арасында кірісті бөлудің пайыздық арақатынасын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты белгілейді;"

"9) уәкілетті мемлекеттік органға және жергілікті атқарушы органға тиісті құжаттар берілгенге дейін немесе рұқсат беру құжаттары алынғанға дейін алым төлеушінің тұрған жері бойынша жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;"

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;"

5) 30-баптың 1-тармағының 13) тармақшасында:

мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау;"

он бірінші абзац алып тасталсын;

6) 31-баптың 1-тармағы 13) тармақшасының жетінші абзацындағы "құрылыс туралы шарттар" деген сөздер "құрылыс жобалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 32-баптың 1-тармағында:

4) тармақшада:

екінші, үшінші, төртінші және алтыншы абзацтар алып тасталсын;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін ұсынатын, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары жүзеге асыратын балаларға арналған қосымша білім беру;"

6) тармақшаның үшінші және төртінші абзацтары алып тасталсын;

7) тармақшаның төртінші абзацы алып тасталсын;

13) тармақшаның жетінші абзацындағы "құрылыс туралы шарттар" деген сөздер "құрылыс жобалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 33-баптың 1-тармағында:

4) тармақша мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтармен толықтырылсын:

"аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда), аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту, оның ішінде аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде орналасқан мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, сондай-ақ облыстық маңызы бар қалалардың аудандарында орналасқан мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету;

аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан мемлекеттік білім беру ұйымдарында бастауыш, негізгі орта және кешкі (ауысымды) оқыту нысанын қоса алғанда, жалпы орта білім беру және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беру;

ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру;

мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу;

кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін ұсынатын, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары жүзеге асыратынды қоспағанда, балаларға арналған қосымша білім беру;"

5) тармақша мынадай мазмұндағы он екінші және он үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"жетім балаларды, ата-анасының (ата-анасының біреуінің) қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру;

мүгедектігі бар балаларды қоса алғанда, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру;"

6) тармақша мынадай мазмұндағы он үшінші абзацпен толықтырылсын:

"мәдениет саласында жергілікті маңызы бар әлеуметтік маңызды іс-шараларды өткізу;"

7) тармақша мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ветеринарияны дамытуды реттеу;"

12) тармақшаның жетінші абзацындағы "құрылыс туралы шарттар" деген сөздер "құрылыс жобалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 40-баптың 7-тармағының он екінші абзацындағы "құрылыс туралы шарттар" деген сөздер "құрылыс жобалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 45-баптың 3-тармағының он бірінші абзацындағы "құрылыс туралы шарттар" деген сөздер "құрылыс жобалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 49-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің жетінші абзацындағы "құрылыс туралы шарттар" деген сөздер "құрылыс жобалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 86-баптың 4-тармағының жиырмамыншы және жиырма бірінші абзацтарындағы "құрылыс туралы шарттар" деген сөздер "құрылыс жобалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 87-баптың 4-тармағының 6-1) тармақшасындағы "құрылыс туралы шарттар" деген сөздер "құрылыс жобалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 147-1-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер екі түрге бөлінеді:

1) егер бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі тапсырыс беруші болған жағдайда, Республикалық бюджет комиссиясы немесе жергілікті атқарушы органның бюджет комиссиясы мақұлдаған, "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы жасалған шарттар бойынша тапсырыс беруші қабылдаған және орындамаған қаржылық міндеттемелердің белгілі бір күніне бюджеттен бөлінетін сомасы бойынша тапсырыс беруші мен өнім берушінің құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер болып табылады;

2) егер квазимемлекеттік сектор субъектісі тапсырыс беруші болған жағдайда, Республикалық бюджет комиссиясы немесе жергілікті атқарушы органның бюджет комиссиясы мақұлдаған, "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттар және "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы жасалған шарттар бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қабылдаған және орындамаған қаржылық міндеттемелердің белгілі бір күніне бюджеттен бөлінетін сомасы бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісі, тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдаудың оларға қатысты жасалған шарттары тараптарының құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер болып табылады. "Толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттардың және "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдаудың оларға қатысты

жасалған шарттарының алдында бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мен квазимемлекеттік сектор субъектісі арасындағы "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын іске асыру бойынша жұмыстарды орындауға арналған келісім жасалады.";

3-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттар және (немесе) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау шарттары мемлекеттік қазынашылық немесе мемлекеттік қазынашылық органдары оларды тіркегеннен кейін күшіне енеді.";

мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

"Бұл ретте валюталық тәуекелдермен байланысты шығыстарды қаржыландыру жөніндегі мемлекеттік міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тиісті бюджет комиссиясының шешімі немесе мәслихат шешімі болған кезде ұлттық валютаның шетел валютасына бағамының өзгеруіне байланысты "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарттың сомасын қайта қарауға жол беріледі.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мен квазимемлекеттік сектор субъектісі арасында "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын іске асыру, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша шарттар және (немесе) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау шарттары бойынша төлемдерді тіркеу, орындау, сондай-ақ жүргізу жөніндегі жұмыстарды орындауға арналған келісімді жасасу тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.";

15) 148-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары мынадай түрлерге бөлінеді:

1) бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруға болжанатын жобалау, сатып алу және өткізу (салу және (немесе) реконструкциялау) жөніндегі жұмыстар кешенін орындау;

2) "толық бітіріп берілетін" құрылыс объектісін пайдалануға беру актісіне қол қойылған күннен бастап мемлекеттік міндеттемелерді кейіннен орындай отырып, өнім берушінің қаражаты есебінен қаржыландыруға болжанатын жобалау, сатып алу және өткізу (салу және (немесе) реконструкциялау) жөніндегі жұмыстар кешенін орындау.";

5-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын қаржыландыру немесе "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау.";

16) 149-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының алтыншы абзацындағы "ұсыныс және" деген сөздер "ұсыныс, қаржылық-экономикалық негіздеме және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 2026 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексіне:

1) 1-бапта:

25) тармақшаның төртінші абзацындағы "тиісті талаптарын", "есеп-қисаптарды қамтитын жобалау-сметалық құжаттама" деген сөздер тиісінше "тиісті талаптарына сәйкес келетін жобалау-сметалық құжаттама", "есеп-қисаптар" деген сөздермен ауыстырылсын;

70) тармақшадағы "нормативтік-техникалық құжаттар, қағидалар және басқа да міндетті талаптар, шарттар мен шектеулер жүйесі" деген сөздер "нормативтік құжаттардың, қағидалар мен басқа да міндетті талаптардың, шарттар мен шектеулердің мемлекеттік жүйесінің бір бөлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

77) тармақшадағы "құрылыс жобасының тиісті бөлімдері (бөліктері) бойынша" деген сөздер "жекелеген объектілердің құрылыс жобаларына сараптама жасаудың, құрылыс жобасының тиісті бөлімдері (бөліктері) бойынша ерекше реттеудің және қала құрылысын регламенттеудің, сондай-ақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 18-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың бірінші бөлігінің күші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қала құрылысы құжаттамасын кейіннен әзірлеу не оған өзгерістер енгізудің ықтимал мүмкіндігі болған кезде Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 284-бабына сәйкес іске асырылатын өнеркәсіптік (өндірістік) объектіні салу жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру жағдайларына қолданылмайды.";

3) 23-баптың 8) тармақшасы алып тасталсын;

4) 24-бапта:

49) тармақшадағы "сараптама комиссияларын (сараптама топтарын)" деген сөздер "сараптама топтарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 74-1) тармақшамен толықтырылсын:

"74-1) өнеркәсіптік (өндірістік) объектіні салу жөніндегі инвестициялық жобалардың нысанасы ескерілетін, жергілікті атқарушы органдардың қала құрылысы құжаттамасын әзірлеу не оған өзгерістер енгізу мүмкіндігін растайды;"

5) 46-баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасындағы "мемлекеттік сараптама ұйымдарын" деген сөздер "мемлекеттік сараптама ұйымын" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 61-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік сараптама ұйымының порталы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін сүйемелдеудің мемлекеттік цифрлық жүйелерінің сервистері мен автоматтандырылған көрсетілетін қызметтеріне орталықтандырылған қол жеткізуге арналған цифрлық платформа болып табылады.";

7) 78-бапта:

4-тармақта:

бірінші бөліктегі "Егжей-тегжейлі" деген сөз "Өнеркәсіптік (өндірістік) объектіні салу жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру жағдайын қоспағанда, егжей-тегжейлі" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптар:

елді мекеннің аумақтық дамуын өзгерту қажеттігіне алып келген табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға қолданылмайды. Бұл ретте егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету (жаңартып отыру) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде қабылданады;

жеке тұрған білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет объектілерін және бірегей объектілерді бюджет қаражаты есебінен салу мақсатында қолданыстағы егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету қажеттігіне негізделген жағдайларға қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Қонысаралық аумақтардың егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеу және түзету қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады. Бұл ретте қонысаралық аумақтардың егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеуге (түзетуге), тұрғын үй құрылысын іске асыруды қоспағанда, көзделген өндірістік, рекреациялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін ғана жол беріледі.";

8) 95-баптың 4-тармағы "оның құрамын" деген сөздерден кейін "мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 98-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің күші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қала құрылысы құжаттамасын кейіннен әзірлеудің не оған өзгерістер енгізудің ықтимал мүмкіндігі болған кезде Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 284-бабына сәйкес іске асырылатын өнеркәсіптік (өндірістік) объектіні салу жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру жағдайларына қолданылмайды.";

4-тармақтың бірінші бөлігінде:

8) тармақшадағы ", байланыс, жарықтандыру құрылысжайларын, қоршаулар және осыған ұқсас құрылысжайлар" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) биіктігі тоғыз метрге дейін болатын байланыс, жарықтандыру құрылысжайларын, қоршаулар және осыған ұқсас құрылысжайлар салуды;"

10) 99-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құрылыс жобаларын келісу процестерін ұйымдастыру және (немесе) оларға бастапқы материалдарды беруі мемлекеттік инвестициялар есебінен қаржыландырылатын құрылыс объектілері үшін міндетті болып табылатын, "бір терезе" қағидаты бойынша жобаларды әзірлеу мен сараптауды ұйымдастыруға арналған порталда жүзеге асырылады.";

11) 105-бапта:

8-тармақ "монополияға жатпайтын" деген сөздерден кейін "және мемлекеттік сатып алу нысанасы болып табылмайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

11-тармақтағы "сараптама комиссияларын (сараптама топтарын)", "сараптама комиссияларының (сараптама топтарының)" деген сөздер тиісінше "сараптама топтарын", "сараптама топтарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 111-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "сараптама комиссияларының (сараптама топтарының)" деген сөздер "сараптама топтарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 133-баптың 3-тармағының 2) тармақшасындағы "жеке" деген сөз "екі қабаттан жоғары жеке" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 145-баптың 4-тармағының екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Рұқсат алмай салынған құрылысты мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес келтіру осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

15) 146-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 12) тармақшасындағы "тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды ұсынушылардың дерекқорына енгізілген отандық өндірістің материалдарын, жабдықтарын, бұйымдары мен конструкцияларын" деген сөздер "қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген, Қазақстанда шығарылған материалдарды, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 10-2-бапта:

10-32) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10-32) Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды бірыңғай республикалық электрондық базаға және "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою және есебінен шығару қағидаларын, сондай-ақ "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасын жүргізу және түгендеу тәртібін әзірлеп, бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 10-45) тармақшамен толықтырылсын:

"10-45) жалғыз тұрғынжайы авариялық деп танылған азаматтарға коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжай беру және бөлу қағидаларын әзірлеп, бекітеді;"

2) 10-3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын

:

"13-1) жалғыз тұрғынжайы авариялық деп танылған азаматтарға коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжай беруді және бөлуді жүзеге асырады;"

3) 13-баптың 9-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тұрғын үй қорынан бір тұрғынжайды ғана жекешелендіруге құқылы.";

4) 21-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың 1-тармағының ережесі мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайға мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға қолданылады.";

5) 47-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте екі жүз және одан көп пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері бар көппәтерлі тұрғын үйлерде мүлік иелерінің бірлестігі түріндегі кондоминиум объектісін басқару нысанынан тікелей бірлесіп басқару нысанына ауысуға пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің жиналысы кондоминиум объектісін басқару нысаны ретінде мүлік иелерінің бірлестігін таңдау туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір жылдан кейін жол беріледі.";

6) 51-3-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің жалпы санының кемінде үштен екісінің шешімі бойынша;"

7) 67-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі "пайдалануға" деген сөзден кейін "кезектілік тәртібімен" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "пайдалануға" деген сөзден кейін "кезектілік тәртібімен" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 69-бапта:

1-тармақта:

1) тармақша "тұрғынжайы" деген сөзден кейін "немесе жалғыз тұрғынжайдағы елу немесе елуден астам пайыз үлесі" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша:

"олардың" деген сөзден кейін "соңғы бес жыл ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

"тұрғынжайы" деген сөзден кейін "немесе жалғыз тұрғынжайдағы елу немесе елуден астам пайыз үлесі" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша:

"олардың" деген сөзден кейін "соңғы бес жыл ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

"тұрғынжайы" деген сөзден кейін "немесе жалғыз тұрғынжайдағы елу немесе елуден астам пайыз үлесі" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша "Республикасының" деген сөзден кейін "сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тұрғынжайға мұқтаждарды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына есепке қою кезінде соңғы бес жыл ішінде осы елді мекенде және Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында тұрғынжайдың немесе жалғыз тұрғынжайдағы елу немесе елуден астам пайыз үлестің болмауы туралы талаптар мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайға мұқтаж Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың отбасы мүшелеріне қолданылады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жалғыз тұрғынжайы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары "Тұрғынжаймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды бірыңғай республикалық электрондық базаға және "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою және есебінен шығару қағидаларына, сондай-ақ "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасын жүргізу және түгендеу тәртібіне сәйкес қойылады.

Жалғыз тұрғынжайы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтарына коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжай беруді және бөлуді жергілікті атқарушы органдар уәкілетті орган айқындаған тәртіппен құрылған комиссияның шешімі негізінде жүзеге асырады.

Осы Заңның 74-бабының ережелері жалғыз тұрғынжайы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық деп танылған азаматтарды есепке қою, оларға коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжай беру және бөлу кезінде қолданылмайды.

Жалғыз тұрғынжайы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжай алған кезде меншік құқығындағы авариялық тұрғынжайды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес коммуналдық меншікке береді.";

9) 70-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"70-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай алу құқығы

Қазақстан Республикасының азаматы (жұбайымен (зайыбымен) және кәмелетке толмаған балаларымен бірге) некеге тұрғанға (ерлі-зайыпты болғанға) дейін жұбайының (зайыбының) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайы немесе мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайында елу және елуден астам пайыз мөлшеріндегі үлесі болған және соңғы бес жыл ішінде тұрғынжайды немесе тұрғынжайдағы үлесті иеліктен шығарған жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тұрғын үй қорынан бір тұрғынжай ғана немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған бір тұрғынжай ғана алуға құқылы.";

10) 71-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктегі "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою қағидаларына" деген сөздер "бірыңғай республикалық электрондық базаға және "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою және есебінен шығару қағидаларына, сондай-ақ "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасын жүргізу және түгендеу тәртібіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік алып тасталсын;

3-тармақтың екінші бөлігі "тізімдерінде" деген сөзден кейін "бастапқы есепке қойылған күніне сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ "қандастарды" деген сөзден кейін "және олардың отбасы мүшелерін" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтағы "қандастардың тізімдерін" деген сөздер "қандастардың отбасы мүшелерін қоса алғанда, олардың тізімдерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Бірыңғай республикалық электрондық базада және "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған, әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрылуына немесе таратылуына, сондай-ақ олардың шекараларының өзгеруіне байланысты тұрғылықты жерін ауыстырған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында есепке қоятын өңірді бастапқы есепке қойылған күні сақталып, сол аумақтағы нақты тұратын жеріне сәйкес ауыстыруға тиіс.";

11) 72-бапта:

1) тармақша "тұрғынжайлары" деген сөзден кейін "немесе жалғыз тұрғынжайдағы елу немесе елуден астам пайыз үлестері" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша:

"олардың" деген сөзден кейін "соңғы бес жыл ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

"тұрғынжайлары" деген сөзден кейін "немесе жалғыз тұрғынжайдағы елу немесе елуден астам пайыз үлестері" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша:

"олардың" деген сөзден кейін "соңғы бес жыл ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

"тұрғынжайлары" деген сөзден кейін "немесе жалғыз тұрғынжайдағы елу немесе елуден астам пайыз үлестері" деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақша "Республикасының" деген сөзден кейін "сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақшада:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық" деген сөздер "олар және олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының Ұлттық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сатып алған" деген сөздерден кейін "немесе олардың сатып алу құқығымен тұрғынжайды ұзақ мерзімді жалдау шарттары бойынша міндеттемелері болған" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың отбасы мүшелерінде соңғы бес жыл ішінде Қазақстан Республикасының аумағында және осы елді мекенде меншік құқығында тұрғынжайы немесе жалғыз тұрғынжайдағы елу және елуден астам пайыз үлесі болған жағдайда "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюдан бас тартылады.";

12) 73-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) және 5) тармақшаларының ережелері мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайға мұқтаж Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың отбасы мүшелеріне қолданылады.";

13) 74-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"74-бап. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру

1. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға кіріс деңгейіне және тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойылған күніне қарай іске асырылады.

2. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайларды бөлген кезде осы Заңның 10-8-бабы 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көзделген, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде тұрғынжайлардың жалпы көлемінің кемінде жиырма пайыз тұрғынжайы жетім балаларға және ата-анасының (ата-анасының біреуінің) қамқорлығынсыз қалған балаларға беріледі.

Егер жетім балалардың, ата-анасының (ата-анасының біреуінің) қамқорлығынсыз қалған балалардың саны оларға бөлінуге тиісті тұрғынжайлардың көлемінен аз болған немесе олар тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, тұрғынжайлардың қалған көлемі осы баптың 3-тармағында аталған адамдарға беріледі.

3. Осы Заңның 10-8-бабы 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көзделген, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде тұрғынжайлардың жалпы көлемінің кемінде елу пайызы Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға, көп балалы отбасыларға, мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, жесір әйелдерге (тұл ер адамдарға), сондай-ақ бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың отбасы мүшесі (мүшелері) және (немесе) мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасы мүшесі (мүшелері) бар өзге де санаттар бойынша тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға беріледі.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген азаматтардың саны оларға берілуге тиісті тұрғынжайлардың көлемінен аз болған немесе олар тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, тұрғынжайлардың қалған көлемі осы баптың 4-тармағында аталған адамдарға беріледі.

4. Осы Заңның 10-8-бабы 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көзделген, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде тұрғынжайлардың жалпы көлемінен қалған тұрғынжайлардың көлемі бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған, осы баптың 2 және 3-тармақтарында аталған адамдарға жатпайтын Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға беріледі.

5. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну кезінде бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың және олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасында еңбек және кәсіпкерлік қызметтен алған кірістері ескеріледі.

6. Осы Заңның 10-8-бабы 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көзделген, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары, оның

ішінде ауылдық елді мекендерде тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларына сәйкес ұсынылады.

7. Бірыңғай республикалық электрондық базада, "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған, осы Заңның 68-бабының 10) тармақшасында айқындалған санатқа жататын Қазақстан Республикасының азаматтары жергілікті атқарушы орган комиссиясының шешімімен бір жылдан кешіктірілмей, тұрғылықты жері бойынша тұрғынжайлармен қамтамасыз етіледі.

8. Осы Заңның 10-8-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну туралы шешімді ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларына сәйкес қабылдайды.";

14) мынадай мазмұндағы 74-1-баппен толықтырылсын:

"74-1-бап. Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау

Осы Заңның 10-8-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шарасы Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау қағидаларына сәйкес көрсетіледі.";

15) 75-бапта:

1-тармақтағы "Мемлекеттік" деген сөз "Егер осы баптың 1-1-тармағында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы Заңның 10-8-бабы 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көзделген, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру кезінде тұрғынжай беру нормалары тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларында айқындалады.";

5-1-тармақ "Республикасының" деген сөзден кейін "сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 76-баптың 3-тармағы:

"жалдаған тұрғынжай" деген сөздерден кейін "олардың келісімімен және" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың отбасы мүшелеріне қолданылады.";

17) мынадай мазмұндағы 119-3 және 119-4-баптармен толықтырылсын:

"119-3-бап. Бұрын тұрғынжайды жекешелендірген Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды жекешелендіру ерекшеліктері

Егер тұрғынжай бұрын купондық тетік арқылы немесе 2024 жылғы 4 желтоқсанға дейін өзгеше тәсілмен жекешелендірілген болса, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды жекешелендіруден бас тартуға негіз болмайды.

119-4-бап. Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды тұрғынжайға мұқтаж деп танудың ерекшеліктері

Осы елді мекенде немесе Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығындағы жалғыз тұрғынжайда елу немесе елуден астам пайыз үлестің болмауы туралы талап осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға қолданылмайды."

9. "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-бап мынадай мазмұндағы 8-3) тармақшамен толықтырылсын:

"8-3) Алматы қаласының аумағында тұрғылықты жері және уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеу нормативтерін бекітуге;"

2) 4-бап мынадай мазмұндағы 9-46) тармақшамен толықтырылсын:

"9-46) Алматы қаласының аумағында тұрғылықты жері және уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеу нормативтерін әзірлейді;"

10. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 2), 3-2), 6-1), 6-2) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әкім аппараты – әкімнің және жергілікті атқарушы органның (ол құрылған жағдайда) қызметін қамтамасыз ететін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды орындайтын мемлекеттік мекеме;"

"3-2) әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың профилактикасы – өз құзыреті шегінде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға, талдауға және жоюға бағытталған құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық, ақпараттық-түсіндіру және өзге де шаралар кешені;"

"6-1) жергілікті қоғамдастық жиналысы – осы Заңда айқындалған шектерде және тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу үшін жергілікті қоғамдастық жиыны өкілдік берген жергілікті өзін-өзі басқару органы;

6-2) жергілікті қоғамдастық жиыны – осы Заңда айқындалған тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге елді мекен тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) тікелей қатысуы;

7) жергілікті маңызы бар мәселелер – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының тыныс-тіршілігін тікелей қамтамасыз ету мәселелері, оларды әкім және (немесе) жергілікті өзін-өзі басқару органдары шешеді;"

2) 6-баптың 1-тармағында:

1) және 12-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тиісті аумақтың даму жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың орындалуы туралы есептерді бекіту;"

"12-3) астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдігі әзірлеп, ұсынған облыстың (қаланың, ауданның) Құрмет грамотасымен марапаттау туралы ережені бекіту;"

мынадай мазмұндағы 14-2), 14-3), 14-4), 14-5) тармақшалармен және 15) тармақшадағы "жүзеге асыру жатады." деген сөздер "жүзеге асыру;" деген сөздермен ауыстырылып, 16) тармақшамен толықтырылсын:

"14-2) елді мекендерді санитариялық тазалау қағидаларын бекіту;

14-3) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтарын көтермелеудің өзге де шараларын, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақы мөлшерін айқындау;

14-4) абаттандыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша халықтың пікірін зерделеу, талдау және есепке алу;

14-5) әкімнің халықпен кездесуі барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспарын іске асыру қорытындыларын қарау;"

"16) Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жатады.";

2-1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттары Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне тәртіптік жаза қолдануға құқылы.";

3) 10-баптың 3-тармағындағы "бес" деген сөз "жеті" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 19-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бір адам астана, бір облыс, республикалық маңызы бар қала, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының төрағасы болып қатарынан екі реттен артық сайлана алмайды.";

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мәслихат аппаратының басшысын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;"

5) 21-бапта:

1-тармақта:

4) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 17-1) және 17-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"17-1) жергілікті бюджет комиссияларының жұмысына қатысуға;

17-2) қажеттілігіне қарай бюджетті нақтылауға бастамашылық жасауға;"

2-тармақ 6) тармақшасындағы "хабарлауға міндетті." деген сөздер "хабарлауға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) кездесулер мен жиналыстар өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік бес күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) интернет-ресурстар арқылы халықты олардың өткізілетін уақыты мен орны туралы міндетті түрде алдын ала хабардар ете отырып, өз округінің сайлаушыларымен, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және ұйымдармен жылына кемінде екі рет кездесулер мен жиналыстар өткізуге міндетті.";

4-тармақ:

мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3) мәслихаттың бір сессиясы ішінде сөз сөйлеу құқығынан айыру;

4) мәслихат сессиясына қатысу құқығынан айыру.";

мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Бұл ретте тұрақты негізде жұмыс істейтін мәслихат депутатына бір күндік жалақысынан айыру түріндегі жаза қосымша қолданылуы мүмкін.

Мәслихат депутаттарына осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жазаларды қолданумен байланысты мәселелерді дайындауды, сондай-ақ мәслихат сессияларының және оның органдарының отырыстарына мәслихат депутаттарының келуін мониторингтеуді мәслихат аппараты жүзеге асырады.

Мәслихат депутаттарына осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жазаларды қолдану туралы мәселеге мәслихат төрағасы не мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы бастамашылық жасауы мүмкін.";

6) 21-1-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәслихат депутаты ресми жазбаша сауалмен әкімге, тиісті аумақтық сайлау комиссиясының төрағасына және мүшесіне, прокурорға және орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдардың лауазымды адамдарына, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қызметін жүзеге асыратын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің филиалдары мен өкілдіктеріне мәслихаттың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша, сондай-ақ азаматтардың қоғамдық маңызы бар жолданымдары бойынша жүгінуге құқылы.";

екінші бөліктегі "бір айдан" деген сөздер "күнтізбелік он бес күннен" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 22-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Облыстар, аудандар мәслихатының депутаты мәслихат төрағасының тапсырмаларын орындау үшін, сондай-ақ өз құзыреті шегінде және әкімшілік-аумақтық шекаралар шегінде өз функциясын атқару үшін іссапарға жіберілген жағдайда, оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар бойынша іссапар шығыстары төленеді.";

8) 23-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тұрақты негізде жұмыс істейтін мәслихат депутатына Қазақстан Республикасының Президенті мәслихатты таратқан жағдайда және ол жұмысқа орналасқанға дейін немесе зейнеткерлік жасқа толғанға дейін ай сайын оның орташа айлық жалақысы мөлшерінде, бірақ өкілеттігі тоқтатылған күннен бастап үш айдан асырылмай мәслихаттың үлгілік регламентінде айқындалған тәртіппен жәрдемақы төленеді.";

9) мынадай мазмұндағы 25-1-баппен толықтырылсын:

"25-1-бап. Мәслихат аппараты басшысының құзыреті

Мәслихат аппаратының басшысы:

1) мәслихат аппаратының қызметіне басшылық жасайды;

2) өз құзыреті шегінде аппараттың қызметін ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

3) мәслихат аппаратының "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерін мемлекеттік лауазымдарға тағайындайды және мемлекеттік лауазымдардан босатады;

4) мәслихат аппаратының тәртіптік және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

5) қызметтік тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

6) мәслихат аппаратының мемлекеттік қызметшілерін іссапарға жіберу, оларға демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, көтермелеу, оларға үстемеақылар белгілеу мәселелерін шешеді;

7) мәслихат аппараты мемлекеттік қызметшілерінің тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін шешеді;

8) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

9) мәслихат сессияларын, мәслихаттың тұрақты және уақытша комиссияларының отырыстарын ұйымдастырады;

10) мәслихат шешімдерінің жобаларын, мәслихат депутаттарын іссапарға жіберу жөніндегі және мәслихат төрағасы немесе мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы болмаған жағдайда міндеттерді жүктеу жөніндегі бұйрықтарды дайындайды;

11) депутаттардың біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

12) аппарат басшысына жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

10) 27-бапта:

1-тармақта:

15-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15-2) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін ұсынатын, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында (қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) білім беру сапасын қамтамасыз етеді;"

мынадай мазмұндағы 54), 55) және 56) тармақшалармен толықтырылсын:

"54) жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құру және олардың қызметі үшін ұйымдастырушылық жағдай жасау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

55) Қазақстан Республикасы азаматтарының жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға тікелей қатысу құқығын іске асыруы үшін жағдай жасайды;

56) жергілікті қоғамдастықтардың мүшелеріне осы Заңға сәйкес олардың жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға қатысу жөніндегі құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.";

1-9-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіпке сәйкес жалғыз тұрғынжайы авариялық деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтарына коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжай беруді және бөлуді жүзеге асырады;"

11) 31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 12-10), 14-5), 42-1), 42-2), 42-3), 44) және 45) тармақшалармен толықтырылсын:

"12-10) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіпке сәйкес жалғыз тұрғынжайы авариялық деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтарына коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжай беруді және бөлуді жүзеге асырады;"

"14-5) кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін ұсынатын, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарын және қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда, мектепке дейінгі ұйымдарда, бастауыш, негізгі орта және кешкі (ауысымды) оқыту нысанын қоса алғанда, жалпы орта білім беру ұйымдарында және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беру ұйымдарында және балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында білім беру сапасын қамтамасыз етеді;"

"42-1) жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құру және олардың қызметі үшін ұйымдастырушылық жағдай жасау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

42-2) Қазақстан Республикасы азаматтарының жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға тікелей қатысу құқығын іске асыруы үшін жағдай жасайды;

42-3) жергілікті қоғамдастықтардың мүшелеріне осы Заңға сәйкес олардың жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға қатысу жөніндегі құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;"

"44) жетім балаларды және ата-анасының (ата-анасының біреуінің) қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруды жүзеге асырады;

45) мүгедектігі бар балаларды қоса алғанда, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қамсыздандыруды жүзеге асырады.";

12) 33-баптың 1-тармағында:

4) тармақшаның үшінші абзацындағы "аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім беруді басқару органдарының бірінші басшыларын қоспағанда," деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 14-2) және 14-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"14-2) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар, аңшылық шаруашылығының мұқтажы, жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағындағы мемлекеттік орман қоры жерлерінде объектілер құрылысының эскиздік жобасын келіседі;

14-3) кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін ұсынатын, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарын және қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда, мектепке дейінгі ұйымдарда, бастауыш, негізгі орта және кешкі (ауысымды) оқыту нысанын қоса алғанда, жалпы орта білім беру ұйымдарында және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беру ұйымдарында және балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында білім беру сапасын қамтамасыз етеді;"

13) 35-бапта:

1-тармақтың 21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"21) туысы жоқ адамдарды жерлеуді және зираттар мен өзге де жерлеу орындарын күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;"

1-3-тармақ мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) өзінің сайлауалды бағдарламасының іске асырылу барысы туралы жыл сайынғы есепті жергілікті қоғамдастық жиынына ұсынады.";

мынадай мазмұндағы 1-5 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"1-5. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен және мерзімдерде халықпен кездесулер өткізеді және:

1) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылардың кемінде үштен екісінің бастамасы бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысын таратады;

2) жергілікті қоғамдастық жиындарына бастамашылық жасайды.";

"4. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі өзінің сайлауалды бағдарламасын іске асырады.";

14) 38-1-бапта:

10-тармақтың 4) тармақшасындағы "жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламасын" деген сөздер "аудандық маңызы бар қаланы, кентті, ауылды, ауылдық округті дамыту жоспарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. Аудандық маңызы бар қаланы, ауылды, кентті, ауылдық округті дамыту жоспарын әзірлеу және бекіту әдістемесін жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.";

15) 39-3-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын:

"4-2) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің сайлауалды бағдарламасының іске асырылу барысы туралы олардың жыл сайынғы есептерін тыңдау және талқылау;"

3-тармақтың 1) тармақшасындағы "жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларының" деген сөздер "аудандық маңызы бар қалаларды, ауылдарды, кенттерді, ауылдық округтерді дамыту жоспарларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

"3-2. Жергілікті қоғамдастық жиналысын ұйымдастыру және тарату туралы шешімді осы Заңға сәйкес жергілікті қоғамдастық жиыны қабылдайды.";

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті қоғамдастық жиынының бастамашылары тиісті аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімін жергілікті қоғамдастық жиынын өткізу туралы болжамды жиын күнінен он күн бұрын хабардар етуге міндетті.";

мынадай мазмұндағы 5-1 және 9-1-тармақтармен толықтырылсын:

"5-1. Жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу тәртібі жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу регламентінде айқындалады.

Жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу регламентін жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган әзірлеп, бекітеді.";

"9-1. Жергілікті қоғамдастық жиынын немесе жергілікті қоғамдастық жиналысын жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылардың немесе жергілікті қоғамдастық жиналысы мүшелерінің талқылауға және шешімдер қабылдауға қатысуын қамтамасыз ететін цифрлық объектілерді пайдалана отырып өткізуге жол беріледі.".

11. "Қазақстанның Даму Банкі туралы" 2001 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:

"6-1-бап. Даму Банкінің үлестес тұлғалары

Ұлттық басқарушы холдинг, дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтің және аталған заңды тұлғалардың лауазымды адамдары Даму Банкінің үлестес тұлғалары болып табылмайды."

12. "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

5-2-бапта:

1-тармақтағы ", сондай-ақ Ұлттық инфрақұрылым операторының акцияларын" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтағы "тоқсан пайыздан кем плюс бір дауыс беретін акциясы" деген сөздер "кемінде жетпіс бес пайыз акциялары" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 19-6-баптың 1-тармағында:

4) тармақшадағы "жол парақтары мен тауар-көліктік құжаттармен" деген сөздер "республикаішілік тасымалдаудағы жолпарақтармен және тауар-көлік құжаттарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы "жол парақтары" деген сөздер "республикаішілік тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жолпарақтар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 32-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы "уақыты туралы" деген сөздерден кейін "республикаішілік тасымалдаудағы" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 46-баптың 3-тармағы "жүкқұжатындағы және" деген сөздерден кейін "республикаішілік тасымалдауда" деген сөздермен толықтырылсын.

14. "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

5-2-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары бір мезгілде электр және жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және балансында жиырмадан астам жылу көздері бар, өздеріне қатысты оңалту рәсімі қолданылған, коммуналдық меншіктегі энергия өндіруші ұйымдардың шығындарын (борыштарын) субсидиялауды резерв есебінен жүзеге асырады."

15. "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

18-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген немесе оқудан оралған денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, архив ісі, мәдениет,

спорт саласындағы, цифрлық технологиялар, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне жергілікті өкілді органдардың (мәслихаттардың) шешімі бойынша көтерме жәрдемақы беріледі және тұрғынжай сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау ұсынылады.

Ауылдық елді мекенге жұмыс істеуге келген маманға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мерзімі ол келген (тіркелген) кезден бастап үш жылға дейінгі ұзақтықпен белгіленеді. Үш жылдық мерзім аяқталған соң әлеуметтік қолдау алу құқығы жойылады."

16. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 2 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облыстың жергілікті атқарушы органы:

1) білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз етеді;

3) ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқытуды, әмбебап дизайн және (немесе) ақылға қонымды ыңғайлылық қағидаттарын ескере отырып, білім беру ұйымдарында білім алу үшін оларға арнаулы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді;

4) мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларды, сондай-ақ әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықтан өтіп жатқан балаларды оқытуды қамтамасыз етеді;

5) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын солармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және олардың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен балаларға арналған қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнаулы оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын, балалар-жасөспірімдер спорт мектептерін құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

7) отыз жылдан астам пайдаланылып отырған, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнаулы оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) жай-күйін авариялығы тұрғысынан

зерттеп қарауды, сондай-ақ сейсмикалық қауіпті өңірлерде орналасқан, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнаулы оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік ұйымдарды сейсмикалық беріктігі тұрғысынан зерттеп қарауды әрбір бес жыл сайын қамтамасыз етеді;

8) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекітеді;

9) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді;

10) өңірлік кәсіпкерлер палаталары мен мүдделі ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады;

11) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді;

12) жергілікті бюджеттерде тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет қаражатының көлемі шегінде кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін ұсынбайтын, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында балаларға қосымша білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді;

13) жергілікті бюджеттерде тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет қаражатының көлемі шегінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітіп, орналастырады;

14) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ мамандандырылған жалпы білім беретін және арнаулы оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын (қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты және бюджеттен тыс қорлар есебінен білім беру ұйымдарының мемлекеттік объектісін салуды, реконструкциялауды қамтамасыз етеді;

16) облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қала) ауқымдардағы білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа кірісі ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының (ата-анасының біреуінің) қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл көмекті қажет ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын өзге де

санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп ұстауға және орта білімге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға бөлінетін бюджет қаражатының кемінде екі пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;

17) мемлекеттік тапсырыс негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ мамандандырылған жалпы білім беретін және арнаулы оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін жыл сайын 1 тамызға дейін қағаз және электрондық жеткізгіштерде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді қамтамасыз етеді;

18) облыстық ауқымда жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадаларды және ғылыми жобалар конкурстарын, облыстық ауқымда орындаушылар конкурстары мен кәсіптік шеберлік конкурстарын, облыстық ауқымда бастапқы әскери даярлық бойынша жарыстарды ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

19) өңірлік жеңімпаз болып табылатын білім алушылардың жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадаларға, білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша республикалық деңгейдегі ғылыми жобалар конкурстарына қатысуын қамтамасыз етеді;

20) өңірлік жеңімпаз болып табылатын білім алушылардың білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша республикалық деңгейдегі орындаушылар конкурстарына, спорттық жарыстарға, сондай-ақ республикалық және (немесе) халықаралық деңгейдегі кәсіптік шеберлік конкурстарына қатысуын қамтамасыз етеді;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

22) облыстық деңгейде жүзеге асырылатын, балаларға арналған қосымша білім беру сапасын қамтамасыз етеді;

23) мамандандырылған жалпы білім беретін және арнаулы оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлау және педагогтерінің біліктілігін арттыру сапасын қамтамасыз етеді;

24) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеп қарауды, оларға психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

25) дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жетім балаларды, ата-анасының (ата-анасының біреуінің) қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

27) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

28) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;

29) жыл сайын 15 сәуірге дейін білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарға ауылдық жерде кадрлардың қажеттігі туралы өтінімдерді ұсынып, берілген өтінімдерге сәйкес кейіннен жұмысқа орналастырады;

30) облыстық білім беруді басқару органының бірінші басшысын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

31) білім беру мониторингін жүзеге асырады;

32) жыл сайын белгіленген мерзімдерде білім беру саласындағы уәкілетті органның цифрлық объектілерінде статистикалық байқау деректерін жинауды қамтамасыз етеді;

33) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының және арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

34) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарындағы және арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарындағы адамдарға жағдайды қамтамасыз етеді;

35) қамқоршылық кеңестерге жәрдем көрсетеді;

36) мамандандырылған жалпы білім беретін және арнаулы оқу бағдарламаларын, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарының сапалы кадрмен қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

37) мамандандырылған жалпы білім беретін және арнаулы оқу бағдарламаларын, сондай-ақ мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат береді;

38) облыстық әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

39) дуальды оқыту бойынша білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлау сапасын қамтамасыз етеді;

40) конкурс жеңімпаздарына – мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін үздік ұйым" грантын төлейді;

41) білім беру ұйымдарында, оның ішінде аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан білім беру ұйымдарында психологиялық қызметке әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;

42) мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларына сәйкес мамандандырылған жалпы білім беретін және арнаулы оқу бағдарламаларын, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізеді;

43) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңдарында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

"4. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

1) мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;

2) бастауыш, негізгі орта және кешкі (ауысымды) оқыту нысанын қоса алғанда, жалпы орта білім және интернат үлгісіндегі білімнің білім беру ұйымдары (қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) арқылы ұсынылатын орта білім беру сапасын қамтамасыз етеді ;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және кәметке толмағандарға білім беру-сауықтыру бағдарламаларын қоспағанда, балаларға арналған қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын, сондай-ақ балалар-жасөспірімдер спорт мектептерін құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

4) жергілікті бюджеттерде тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет қаражатының көлемі шегінде, кәметке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін қоспағанда, балаларға арналған қосымша білім қызметтеріне арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді;

5) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

6) мектепалды даярлықтың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарына, орта білім беру ұйымдарына оқу жылына білім беру органдары болжайтын көлемде жыл сайын 1 тамызға дейін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырады;

7) кәметке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін қоспағанда, балаларға арналған қосымша білім беру бойынша қызметтер ұсыну сапасын қамтамасыз етеді;

8) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарын (қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

9) мемлекеттік білім беру ұйымдарын қаржыландыруды және оларға күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізуді қамтамасыз етеді;

10) отыз жылдан астам пайдаланылып отырған, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін ұсынатын, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарын және қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың, орта, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының жай-күйін авариялығы тұрғысынан зерттеп қарауды, сондай-ақ сейсмикалық қауіпті өңірлерде орналасқан, кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін ұсынатын, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарды, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарын сейсмикалық беріктігі тұрғысынан зерттеп қарауды әрбір бес жыл сайын қамтамасыз етеді;

11) жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадаларын, ғылыми жобалар конкурстарын, бастапқы әскери даярлық бойынша жарыстарды, спорттық жарыстарды, орындаушылар конкурстары мен кәсіптік шеберлік конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

12) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мектепке дейінгі, орта және қосымша білімнің білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлау және жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру сапасын қамтамасыз етеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

14) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарына қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

15) білім бөлімінің бірінші басшысын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

16) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді және негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын солармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және олардың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

17) білім беру мониторингін жүзеге асырады;

18) қамқоршылық кеңестерге жәрдем көрсетеді;

19) мемлекеттік білім беру ұйымдарын кадрмен сапалы түрде қамтамасыз етеді;

20) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат береді;

21) әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

22) мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларына сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізеді;

23) жетім балаларды, ата-анасының (ата-анасының біреуінің) қамқорлығынсыз қалған балаларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғынжаймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

24) білім беру ұйымдарында оқуын бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;

25) ауылдық жердегі білім беру ұйымдарына жұмыс істеуге келген жас мамандардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

26) білім алушылардың қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы ұсыныстарды мәслихатқа енгізеді;

27) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жетім балаларды, ата-анасының (ата-анасының біреуінің) қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттің қамтамасыз етуін жүзеге асырады;

28) конкурс жеңімпаздарына – мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына "Орта білім беретін үздік ұйым" грантын төлейді;

29) тиісті кентте, ауылда, ауылдық округте мектеп болмаған жағдайда білім алушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастырады;

30) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңдарында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

2) 6-1-бап алып тасталсын.

17. "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 9-баптың 15) тармақшасында:

"Заңына" деген сөзден кейін "және "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздермен толықтырылсын;

"астананың жергілікті өкілді органы" деген сөздер "Астана, Алматы қалаларының жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"астана аумағында" деген сөздер "Астана, Алматы қалаларының аумағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"астанада" деген сөз "Астана, Алматы қалаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 51-баптың 2-тармағының 1) тармақшасында:

екінші бөлікте:

"Астана аумағында", "астана аумағында" деген сөздер "Астана, Алматы қалаларының аумағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Заңына" деген сөзден кейін "және "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздермен толықтырылсын;

"астананың жергілікті өкілді органы" деген сөздер "Астана, Алматы қалаларының жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте:

"астанада" деген сөз "Астана, Алматы қалаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"астананың" деген сөз "Астана, Алматы қалаларының" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

9-бап мынадай мазмұндағы 9-7) тармақшамен толықтырылсын:

"9-7) ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-7-бабы 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген функцияларды жүзеге асырған;"

.

19. "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 62-1) тармақшасындағы "тау-кендік телім шегінде жер астындағы және жер бетіндегі" деген сөздер "жер астындағы және жерасты тау-кен қазбаларымен байланысатын шахта үстіндегі ғимараттар мен құрылысжайлардағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

20. "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

54-баптың 3-тармағы 1) тармақшасының төртінші абзацындағы "жол парағын" деген сөздер "республикаішілік тасымалдауда жолпарағын" деген сөздермен ауыстырылсын.

21. "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

20-баптың 2-тармағының 3-1) тармақшасы алып тасталсын.

22. "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

17-1-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Заң жобасын әзірлеу кезінде әзірлеуші органдар міндетті түрде ақпараттық сүйемелдеу және түсіндіру бағдарламасының жобасын әзірлейді.

Ақпараттық сүйемелдеу және түсіндіру бағдарламасында әзірлеуші органның жергілікті өкілді және атқарушы органдарды тарта отырып, халықпен жария және өңірлік тыңдаулар өткізуі көзделуі мүмкін.

Бұл ретте әлеуметтік маңызы бар заң жобалары бойынша тыңдаулар жария талқылау өткізу кезеңінде не олар Қазақстан Республикасының Құрылтайында екінші оқылымда қаралғанға дейін өткізіледі.";

11-тармақтың төртінші бөлігі алып тасталсын.

23. "Сот-сараптама қызметі туралы" 2017 жылғы 10 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің", "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі", "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің талап арызы", "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне", "мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің", "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы" деген сөздер тиісінше "Уәкілетті органның", "уәкілетті орган", "уәкілетті органның талап арызы", "уәкілетті органға", "мәселелері бойынша уәкілетті органның", "уәкілетті органның сот сараптамасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) жеке сот сарапшысы – сараптама мамандығына сәйкес келетін кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар, Қазақстан Республикасы Сот сарапшылары палатасының мүшесі болып табылатын, уәкілетті орган берген сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензия негізінде сот сараптамаларын жүргізу жөніндегі жекеше практикамен айналысатын Қазақстан Республикасының азаматы;"

8) тармақша "азаматтық" деген сөзден кейін ", әкімшілік" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) сот сараптамасы органының сарапшысы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сот сараптамасы органында ақы төленетін штаттық лауазымды атқаратын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы;"

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) сот сарапшысы – арнаулы ғылыми білімі бар және осы Заңда белгіленген өзге де талаптарға сай келетін, өздеріне сот сараптамасын жүргізу тапсырылған, іске мүдделі емес сот сараптамасы органының сарапшысы, жеке сот сарапшысы және өзге де адамдар;"

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) уәкілетті орган – сот-сараптама қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

3) 12-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) қаралып отырған жолданым шеңберінде қажетті ақпаратты алу не Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, сот сарапшысының өз міндеттерін адал орындамағанын куәландыратын басқа да ақпарат болған кезде, осындай ақпаратты алу;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сот сараптамалары түрлерінің және біліктілігін уәкілетті орган беретін сараптама мамандықтарының тізбесін әзірлеп, бекіту;"

4) және 8) тармақшалардағы "сот сараптамасы органдарында" деген сөздер алып тасталсын;

14) және 24) тармақшалар алып тасталсын;

4) 14-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі 5) тармақшасындағы "көзделген жағдайларда тоқтатыла тұрады." деген сөздер "көзделген;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) қылмыстық іс бойынша күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы жеке сот сарапшысына қатысты шығарылған;

7) біліктілікті арттырудан өту мерзімін күнтізбелік отыз күннен асырып, дәлелсіз себеппен бұзған не одан өтуден бас тартқан жағдайларда тоқтатыла тұрады.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияның қолданысы мынадай жағдайларда:

1) сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиядан айыру туралы іс жүргізу қозғалғанда – сот шешім қабылдағанға дейін;

2) жеке сот сарапшысы осы Заңның 24-бабы 8) және 9) тармақшаларының талаптарын бірнеше (күнтізбелік бір жыл ішінде екі және одан көп) рет бұзғанда – алты айға;

3) аттестаттаудан өту мерзімін күнтізбелік отыз күннен асырып, дәлелсіз себеппен бұзғанда не одан өтуден бас тартқанда – бұзушылық жойылғанға дейін, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге;

4) сараптамаларды жүргізу мерзімін күнтізбелік он бес күнге дейін бұзғанда – үш айға, күнтізбелік отыз күнге дейін бұзғанда – алты айға;

5) материалдарды орындамастан негізсіз қайтарғанда алты айға тоқтатыла тұрады.";

3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) адам үш айдан асырып, аттестаттаудан өтуден жалтарған жағдайларда уәкілетті органның талап қоюы бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Лицензияның қолданысын тоқтата тұру, қайта бастау, тоқтату немесе одан айыру туралы тиісті мәліметтер бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.";

5) 15-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сот сараптамасы органының сарапшылары, сондай-ақ жеке сот сарапшылары туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.";

6) 2-тарау мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

"15-1-бап. Сот-сараптама қызметінің бірыңғай цифрлық жүйесі

1. Сот-сараптама қызметінің бірыңғай цифрлық жүйесі – бұл сот-сараптама қызметін автоматтандыруға арналған цифрлық жүйе.

2. Сот-сараптама қызметінің бірыңғай цифрлық жүйесіне сот сараптамаларын ұйымдастыру мен жүргізу, олардың нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ осы Заңда көзделген өзге де мәліметтер енгізіледі.

3. Сот-сараптама қызметінің бірыңғай цифрлық жүйесіне қолжетімділік сот сарапшыларына және басқа да адамдарға, оның ішінде сүйемелдеуді және жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын адамдарға беріледі.

Сот сарапшылары және басқа да адамдар, оның ішінде сот-сараптама қызметінің бірыңғай цифрлық жүйесін сүйемелдеуді және оған жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын адамдар осы цифрлық жүйеде қамтылған мәліметтерді ашпауға және таратпауға міндетті.

Сот-сараптама қызметінің бірыңғай цифрлық жүйесінде қамтылған мәліметтерді жария ету Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

4. Сот-сараптама қызметінің бірыңғай цифрлық жүйесінде қамтылған мәліметтерді қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Уәкілетті орган сот-сараптама қызметінің бірыңғай цифрлық жүйесін пайдалану қағидаларын айқындайды.

6. Сот-сараптама қызметінің бірыңғай цифрлық жүйесін Қазақстан Республикасының Сот сарапшылары палатасы, сот сараптамалары органы және уәкілетті орган ақпаратты жинау мен талдау үшін қолдана алады.";

7) 19-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сот сараптамасын жүргізу:

1) сот сараптамасы органының сарапшыларына;

2) жеке сот сарапшыларына;

3) осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларда біржолғы тәртіппен өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін.";

3-тармақтың 2) тармақшасындағы "сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын тиісті мамандықтағы сот сарапшыларынан, сондай-ақ лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамдардан" деген сөздер "сот сараптамасы органының сарапшылары, сондай-ақ жеке сот сарапшылары болып табылатын тиісті мамандықтағы сот сарапшыларынан" деген сөздермен ауыстырылсын ;

8) мынадай мазмұндағы 20-1-баппен толықтырылсын:

"20-1-бап. Сот сарапшысының біліктілік даярлығы

1. Осы Заңның 19-бабының 5 және 6-тармақтарында аталған адамдарды қоспағанда, сот сарапшысы біліктілігін алуға ниет білдірген адам сот сарапшыларының міндетті біліктілік даярлығынан өтуге тиіс.

2. Сот сарапшыларының біліктілік даярлығын сараптама мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар жұмыс істеп жүрген сот сарапшылары жүргізеді.

3. Сот сарапшыларының біліктілік даярлығынан өтуін сот сараптамасы органы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Сот сарапшылары палатасының қатысуымен сот сараптамасы органы әзірлеп, бекіткен сот сарапшыларының біліктілік даярлығынан өту тәртібі туралы ережеге сәйкес ұйымдастырады.";

9) 22-баптың 1-тармағындағы "сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшылары, сондай-ақ лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамдар" деген сөздер "сот сараптамасы органының сарапшылары және жеке сот сарапшылары" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 24-бап 7) тармақшасындағы "ұсынуға міндетті." деген сөздер "ұсынуға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) сот-сараптама қызметінің бірыңғай цифрлық жүйесінде қолдаухаттар мен өзге де құжаттарды қоса алғанда, сот сараптамасын өткізудің барлық кезеңін көрсетуге;

9) уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, сұрау салуда белгіленген ақылға қонымды мерзімде мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ өзге де қажетті ақпаратты беруге міндетті.";

11) 25-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сот-сараптама қызметімен айналысуға лицензия алған адамдар Палата мүшелері болады.";

5-тармақтағы "лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын" деген сөздер "сот-сараптама қызметімен айналысуға лицензия алған" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 26-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Палата төрағасы лауазымға екі жыл мерзімге жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Бір адам Палата төрағасы болып қатарынан екі реттен артық сайлана алмайды.

Палата төрағасын сайлау баламалы негізде жүзеге асырылады.";

13) 28-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) аумақтық палаталар басшыларының қызметін бақылайды;"

3-тармақтағы "лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамның" деген сөздер "жеке сот сарапшысының" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) мынадай мазмұндағы 28-1 және 28-2-баптармен толықтырылсын:

"28-1-бап. Жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясы

1. Жеке сот сарапшыларын тәртіптік жауаптылыққа тартуды жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясы жүзеге асырады.

Жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясы – Палатаның тәуелсіз органы. Жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясының шешімдері міндетті сипатқа ие.

Жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясының құрамына Палата басқармасының ұсынуы бойынша сот-сараптама практикасының кемінде бес жыл өтілі бар бес жеке сот сарапшысы кіреді.

Жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясы туралы ережені және тәртіптік жауаптылыққа тарту тәртібін Палата басқармасы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді. Жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясының өкілеттік мерзімі екі жылды құрайды. Бір адам жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясында бір мерзімнен артық бола алмайды.

2. Тәртіптік іс жүргізуді қарау кезінде жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясы өз отырыстарына жолданымдар мен шағымдарды жіберген адамдарды, сондай-ақ өздеріне қатысты жолданым немесе шағым қаралатын жеке сот сарапшыларын шақыруға міндетті.

Қарау уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабар берілген, жоғарыда аталған адамдардың келмеуі тәртіптік іс жүргізуді қарауға кедергі келтірмейді.

Жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясы тәртіптік іс жүргізуді бұзушылық анықталған күннен бастап екі айдан аспайтын мерзімде қарайды. Тәртіптік іс жүргізу жеке сот сарапшысы еңбекке уақытша жарамсыз болған жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін. Тоқтата тұру мерзімі қараудың немесе тәртіптік жауаптылыққа тартудың жалпы мерзіміне кірмейді.

3. Жеке сот сарапшысының Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы заңнамасының, Сот сарапшысының әдеп кодексінің, Палата жарғысының, Палатаның басқару органдары шешімдерінің және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының талаптарын бұзғанын көрсететін жеткілікті негіздердің болуы тәртіптік іс жүргізуді қозғауға негіз болады.

4. Жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясы жеке сот сарапшысына мынадай тәртіптік жаза шараларын қолдануға құқылы:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) кезектен тыс аттестаттауға жіберу.

5. Жеке сот сарапшысының тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін бір тәртіптік жаза ғана қолданылуы мүмкін.

Тәртіптік жаза бұзушылық жасалған күннен бастап бір жылдан аспайтын мерзімде қолданылуы мүмкін.

6. Осы баптың 4-тармағында көзделген тәртіптік жаза шаралары жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясы мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады және қабылдаған күнінен бастап күшіне енеді.

7. Егер жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясының отырысына оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, ол заңды деп есептеледі.

8. Жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясы жеке сот сарапшысына қатысты тәртіптік жаза шараларын қолдану туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде шешімнің көшірмесі жеке сот сарапшысына жіберіледі.

9. Жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясының шешімін Палатаның тәртіптік комиссиясына осы шешім жария етілген күннен бастап үш ай ішінде даулауға болады.

28-2-бап. Палатаның тәртіптік комиссиясы

1. Палатаның басқару органдарының мүшелерін тәртіптік жауаптылыққа тартуды Палатаның тәртіптік комиссиясы жүзеге асырады.

Палатаның тәртіптік комиссиясы жолданымдарды да, жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясының шешімдеріне шағымдарды да қарайды, тәртіптік практиканы жинақтап қорытады.

Палатаның тәртіптік комиссиясы – Палатаның тәуелсіз органы. Палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдері міндетті сипатқа ие.

Палатаның тәртіптік комиссиясының құрамына Палата басқармасының ұсынуы бойынша сот-сараптама практикасының кемінде бес жыл өтілі бар үш жеке сот сарапшысы, сот-сараптама қызметінің кемінде бес жыл өтілі бар сот сараптамасы органының үш сарапшысы, сондай-ақ уәкілетті органның ұсынуы бойынша жұртшылық өкілі кіреді.

Жеке сот сарапшысы Палатаның тәртіптік комиссиясының төрағасы болады.

Бір адам Палатаның тәртіптік комиссиясында бір мерзімнен артық бола алмайды. Палатаның тәртіптік комиссиясы туралы ережені және тәртіптік жауаптылыққа тарту тәртібін уәкілетті органмен келісу бойынша Палата басқармасы бекітеді. Палатаның тәртіптік комиссиясының өкілеттік мерзімі екі жылды құрайды.

2. Палатаның басқару органдарының мүшелерін тәртіптік жауаптылыққа тарту осы Заңның 28-1-бабының ережелері сақтала отырып жүргізіледі.

3. Палатаның тәртіптік комиссиясы мынадай тәртіптік жаза шараларын қолдануға құқылы:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) кезектен тыс аттестаттауға жіберу.

4. Палатаның тәртіптік комиссиясының жолданымды, жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды қарау нәтижелері бойынша:

1) жолданымды, шағымды – қанағаттандырусыз, ал жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясының шешімін өзгеріссіз қалдыруға;

2) жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясының шешімін өзгертуге;

3) жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясының шешімінің күшін жоюға және жаңа шешім қабылдауға;

4) істі жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясына жаңадан қарауға жіберуге және жеке сот сарапшыларының тәртіптік комиссиясын белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттеуге құқығы бар.

Егер Палатаның тәртіптік комиссиясының отырысына оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, ол заңды деп есептеледі.

Палатаның тәртіптік комиссиясының шешімі отырысқа қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Палатаның тәртіптік комиссиясының шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.";

15) 30-бапта:

1-тармақ "сондай-ақ" деген сөзден кейін "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында," деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ ", олар міндетті түрде тіркелуге, ал олар туралы мәліметтер сот-сараптама қызметінің бірыңғай цифрлық жүйесіне енгізілуге тиіс" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 36-баптың 2-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

17) 47-баптың 2-тармағындағы "қызметкері" деген сөз "сарапшысы" деген сөзбен ауыстырылсын;

18) 52-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жеке сот сарапшысы өз қызметін дербес қаржыландырады.";

2-тармақта:

"мөлшері мен тәртібі" деген сөздер "тәртібі" деген сөзбен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Сот сараптамасы органы мен жеке сот сарапшылары жүргізетін сот сараптамасының құны сот сараптамасын жүргізу құнын айқындау қағидаларына сәйкес айқындалады.";

19) 54-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"54-бап. Сот-сараптама қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

Сот-сараптама қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету Палатаның қатысуымен уәкілетті органның сот сараптамасы органына жүктеледі.";

20) 58-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тиісті кәсіби деңгейді қамтамасыз ету үшін сот сараптамасы органының сарапшылары және жеке сот сарапшылары бес жылда бір рет сот сараптамасы органдарында, білім беру ұйымдарында және өзге де ұйымдарда тиісті сараптама мамандығы бойынша біліктілігін арттырудан өтуге тиіс.";

21) 59-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"59-бап. Сот сараптамасы органының сарапшыларына еңбекақы төлеу және өзге де қамсыздандыру

Сот сараптамасы органының сарапшыларына еңбекақы төлеу, демалыс беру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.".

24. "Жайылымдар туралы" 2017 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

14-баптың 3-тармағындағы "елу" деген сөз "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын.

25. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

10-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кәсіпкерлік субъектілерінен тұрғынжайды бюджет қаражаты есебінен сатып алу конкурс тәсілімен ғана жүзеге асырылады.".

26. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2026 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

28-баптың 5-тармағының 1) тармақшасы "судьялар," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының судьялары," деген сөздермен толықтырылсын

2-бап.

1. Осы Заң:

1) 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 21-тармағын;

2) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 6-тармағының 14) тармақшасын, 8-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларын, 8) тармақшасының үшінші – тоғызыншы, он бірінші, он екінші абзацтарын, 10) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 11) тармақшасының екінші – сегізінші, оныншы – он төртінші абзацтарын, 12)

тармақшасын, 15) тармақшасының екінші – төртінші абзацтарын, 17) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 9-тармағын, 10-тармағының 2) тармақшасының он бірінші және он екінші абзацтарын, 4) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 5) тармақшасының жетінші – он алтыншы абзацтарын, 6), 7) және 8) тармақшаларын, 13) тармақшасының төртінші – оныншы абзацтарын, 15) тармақшасының бесінші – сегізінші абзацтарын, 17 және 18-тармақтарын;

3) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 6-тармағының 1) – 4) тармақшаларын, 7) тармақшасының екінші – жетінші абзацтарын, 8) тармақшасының екінші – он төртінші абзацтарын, 10) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын, 11) тармақшасының үшінші, жетінші және сегізінші абзацтарын, 10-тармағының 12) тармақшасының үшінші абзацын, 16-тармағын, 23-тармағының 6) тармақшасын, 10) тармақшасының екінші абзацын, 15) тармақшасының үшінші абзацын;

4) 2027 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 7-тармағының 10) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабының 3 және 4-тармақтары, 23-тармағының 2) тармақшасының екінші, үшінші, бесінші – сегізінші абзацтары, 4) тармақшасының екінші – он үшінші абзацтары, 5), 7), 9) және 11) тармақшалары, 13) тармақшасының төртінші абзацы, 14), 16), 17), 18), 20) және 21) тармақшалары Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін қолданысқа енгізіледі деп белгіленсін.

3. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін мәслихаттар төрағалары болып сайланған адамдар өздері сайланған мерзім өткенге дейін өз өкілеттіктерін сақтайды.

Осы Заң қолданысқа енгізілген кезде мәслихат төрағасы лауазымында болудың ағымдағы мерзімі мерзімдер саны бойынша шектеуді қолдану мақсаты үшін алғашқы мерзім болып есептеледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ. ТОҚАЕВ